


**Абай атындағы № 31 жалпы орта мектеп
кітапханашыларының 2022-2023 оқу
жылына арналған жұмыс жоспары**



Бекітемінг
Мектеп директоры
Ш.Тилеубергенова



Абай атындағы № 31 жалпы орта мектеп
кітапханашыларының 2022-2023 оқу
жылына арналған жұмыс жоспары

Өркениетке бастар жол- мектеп десек, ондағы кітапхананың рөлі жоғары. Қазақ мектебінің болашағы туралы М.Жұмабаев «Әрбір елдің келешегі мектебіне байланысты» деп қазақ болашағының өркендеуіне мектептің тікелей байланысты екенін айтса керек. Еліміздің болашағының кепілі- кемел білім берермектебінде десек, мектепті кітапханасыз елестету мүмкін емес.

Мектеп кітапханасы оқырмандардың кітапқа деген сүйіспеншілігін оятып, олардың оқуға деген талғамын қанағаттандырып отырады. Кітап оқуға құштарлығы бар оқушылардың жаңа ұжымын құрайды.

2022-2023 оқу жылына арналалған мектеп кітапханасының іс- шара жоспары «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында тарихи тұлғалардың, ақын- жазушылардың, мерейтой иелерінің көркем шығармаларын насиҳаттауды мақсат етеді.

Жаңа оқу жылындағы кітапхананың міндеттері:

- оку процесін қажетті оқулықтар, әдістемелік және әдебиеттермен қамтамасыз ету;
- оқушыларды кітапханаға тартуда тиімді жұмыс түрлерін пайдалану, жүйелі түрде оку дағдысын қалыптастыру;
- мектеп педагог қызыметкерлерінің кәсіптік шеберлігін көтеруге көмектесу;
- оқырмандардың ақпараттық мәдениетін, танымдық әрекеттерін қазіргі заманғы кітапханалық технологиялар негізінде дамыту;
- диагностикалық жұмыстарды және мониторинг жүргізу
- кітапхана оқырмандарын көркем әдебиетпен қамту;
- жеке жазылышыларды мерзімді басылыммен қамтамасыз ету.

I Оқырмандармен жұмыс

К/с	Iс- шара тақырыбы	Жұмыс түрі	Оқырман тобы	Мерзімі	Жауапты
1	Оқушыларға оқулыктар тарату	Бұйрық шығару, кесте түзу. Оқулық тарату	1-11 сыныптар	Тамыз-қыркүйек	Кітапханашылар
2	Жаңа оқырмандарды кітапханаға тарту	Көркем әдебиеттерді насиҳаттау	3-11 сыныптар	Жыл-бойы	Кітапханашы
3	Кітапханаға жаңа оқырман қабылдау, тіркеу	Кітапханаға саяхат	1-2 сыныптар	1-III тоқсан	Кітапханашы
4	Оқыған кітап туралы әңгіме, ұсыныс әңгіме (демалыс кезінде)	Әңгіме	Бастауыш, орта, жоғары сыныптар	Демалыс кезінде	Кітапханашы
5	Кітапхана кеңесі мен мүшелерін сайлау	Отырыс	Мектеп әкімшілігі, оқушылар	Қыркүйек-қазан	Кітапханашы

II Әдебиеттерді насихаттау

K/C	Iс- шара тақырыбы	Жұмыс түрі	Оқырман тобы	Мерзімі	Жауапты
I.Оқу- тәрбие процесіне көмек					
1	Пән апталықтарына, мектепшілік іс-шараларға көрнекіліктер, күжаттар іріктеу	Әдебиеттерді іріктеу, кітап көрмелерін үйімдастыру	Мұғалімдер	III-IV тоқсан	Кітапханашы
2	Мұғалімдерге арналған нұсқаулық	Жана түсken оқу-әдістемелік әдебиеттерге шолу, ақпараттық бюллетенъ, әдебиеттер тізімі	Мұғалімдер	Тамыз, Қыркүйек	Кітапханашы
3	Оқушылардың оқулықпен қамтылуы	Пед кеңесте мәлімет беру	Сынып жетекшілер	Тамыз қыркүйек	Кітапханашы

II.Патриоттық тәрбие бағыты бойынша

Мақсаты: Оқырмандарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, оқушылар бойында құқықтық білім мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру

1	30 тамыз Конституция күніне орай «Мұғалім және заң» ✓	Кітап бұрышы	Жалпы оқырман	Тамыз	Кітапханашы
2	Тіл мерекесіне орай «Қазақтың болашағы –қазақ тілінде» ✓	Тұрақты ашық көрме	Жалпы оқырман	қыркүйек	Кітапханашы
3	Ұстаздар мерекесіне орай «Ұстаздық еткен жалықпас»	Библиографиял ық құрал	Жалпы оқырман	Қазан	Кітапханашы
4	«Сіз оқитын қызықты кітаптар»	Буктрейлер (кітап жарнамалай)	Жалпы оқырман	Жыл бойы	Кітапханашылар
5	«Жолда жүру ережесі »	Суреттер көрмесі	Бастауыш сыныптар	қазан	Кітапханашы Сынып жетекшілер
6	Балалар жылына орай «Ертегілер еліне саяхат» Оқырмандарды көркем шығармаларға баулу. ✓	Ертегі айту бәйгесі	Бастауыш сынып	қараша	Бастауыш сынып мұғалімдері Кітапханашылар
7	1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні «Тәуелсіздік белестері»	Н.Ә.Назарбаевт ың шығармаларына шолу	Жалпы оқырман	желтоқсан	Кітапханашы
8	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне мектепшілік іс- шарага мәліметтер жинақтау ✓	Материалдыр жинақтау	Жалпы оқырман	Желтоқсан	Кітапханашы Музыка жетекші,
9	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Түркістандық төл тумаларды насихаттау мақсатында «Тұған өлкем -тірегім» атты	Тұрақты ашық көрме	5-7 сыныптар арасы	Жыл бойы	Кітапханашы

	ашық көрме				
10	«Әз Наурыз» Ұлыстың ұлы қүні «Қазақтың салт-дәстүрлері» кітабын насихаттау ✓	Библиоплеер, (Қазақтың ұмыт- қалған салт-дәстүрлерін насихаттау)	Жалпы оқырман	наурыз	Кітапханашы
11	«Жарық еткен жарық жүлдіз» жас ғұмыр Бекзат Саттархановтың туылған күніне орай ✓	Кітап көрме	Жалпы оқырман	Сәуір	Кітапханашы
12	9 мамыр Жеңіс мерекесіне «Жойылсын жалғыз сөз «соғыс» деген»	Деректер жинақтау	Жалпы оқырман	мамыр	Кітапханашы
III. Ұлтжандылық- адамгершілік тәрбие бойынша					
Мақсаты: Халқымыздың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі арқылы оқушылардың бойында асыл да адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру					
1	Абайдың сөзі- қазақтың бойтұмары ✓	Тұрақты ашық көрме	Жалпы оқырман	Жыл бойы	Кітапханашы
2	10 тамыз Абайдың туылған күніне орай Абай өлеңдеріне членендж ✓	Челендж ұйымдастыру		тамыз	
3	А.Байтұрсыновтың туған күніне орай «Орақ тілім- от тілім» ✓	Библиография лық құрал		Қыркүйек	Кітапханашы
4	Сыrbай Мәуленовтың 100 жылдығына орай «Сырлы жырдың Сыrbайы» ✓	Шығармалары на шолу		Қыркүйек	
5	«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша Ш. Мұртазаның 90 жылдығына орай «Ай мен Айша» кітабын насихаттау	Кітапханалық сабак	7-8 сыныптар	Қазан	Кітапханашы
6	Қазақтың дана туған, дара туған перзенті Мұхтар Шахановқа 80 жыл	Поэтикалық марафон	Жалпы оқырман	қараша	Кітапханашы Қазақ тілі пән бірлестігі
7	Әзілхан Нұршайықовтың 100 жылдығына орай «Махаббаттың жаршысы» ✓	Библиоплеер «Махабbat қызық мол жылдар» кітабын насихаттау	9-10 сынып	желтоқсан	Кітапханашы лар
8	«Оқуға мектеп» жобасы аясында өз өлкеміздің ақыны, фольклорисі Еркінбек Ақынбек туылғанына 160 жыл толуына орай ақын шығармаларымен танысу	Е.Ақынбек шығармаларын насихаттау	Жалпы оқырман	қаңтар	Кітапханашы лар
9	M.Мақатаевтың туылған күніне орай «Мұзбалақ ақын» өлеңдеріне шолу ✓	Әдеби кеш	Жалпы оқырман	ақпан	Кітапханашы
10	Қожа Ахмет Ясауи «Ясауи салған іздермен»	Ашық кітап көрмесі	Жалпы оқырман	наурыз	Кітапханашы

11	Кітап –сарқылмас рухани әлем 12 сәуір балалар кітабы күніне орай	«Библиофреш» Жаңа кітаптар жаршысы	Жалпы оқырман	сәуір	Кітапханашы
12	Т.Ахтановтың 100 жылдығына орай «Қаһарлы күндер » кітабына шолу	Кітапқа шолу	Жалпы оқырман	мамыр	Кітапханашы

IY Кітапхана қорын қалыптастыру

к/с	Iс- шара тақырыбы	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауапты
1	Корды жаңа басылымдармен толықтыру- баспалардың прайс- парактарымен жұмыс	Сұраныс жасау	Жылына бір рет	Кітапханашы
2	Келіп түскен әдебиеттерді есепке алу, өндөу (код қою), орналастыру	Есеп құжаттарын жүргізу	Түсуіне орай	Кітапханашы
3	Кітап қорынан әдебиеттерді шығару	Акт	IY тоқсан	Кітапханашы
4	Корды безендіру: -сөрелік бөлгіштер / саны/ - әріптік бөлгіштер /саны/	Бөлгіштер	Уақытына қарай	Кітапханашы
5	Тазалық күнін өткізу	Тазалау	Ай сайын	Кітапханашы
6	Кітап түптеу, җөндеу /апталық, үйымдастыру/	Түптеу	Кезінде IY тоқсан	Кітапханашы
7	Қарыз оқырмандармен жұмыс (берілген басылымдардың кітапханаға уақытылы қайтарылуына үнемі бақылау жасау)	Хабарлама, ескертү	Уақытына қарай	Кітапханашы
8	Қор құрамын зерттеу, оның пайдалануына талдау жасау	Талдау	III тоқсан	Кітапханашы

Ү Анықтама- библиографиялық жұмыс

к/с	Iс- шара тақырыбы	Жұмыс түрі	Оқырман тобы	Мерзімі	Жауапты
1	Кітапханалық- библиографиялық білімді насиҳаттау жұмыстары	Кітапхана сабактары	2-9 сыныптар	Кестеге сай	Кітапханашы
2	Алфавиттік каталогты толықтыру	Сипаттама жасау	Жалпы оқырман	Түсуіне орай	Кітапханашы
3	Тіршілік кілті- табиғат	Тақырыптық картотека	Жалпы оқырман	Түсуіне орай	Кітапханашы
4	Жаңа технология – білім сапасының кілті	Тақырыптық картотека	мұғалімдер	Түсуіне орай	Кітапханашы
5	Өз өлкенді танып біл	Тақырыптық картотека	жалпы оқырман	Түсуіне орай	Кітапханашы
6	Қазақстан еліне саяхат	Ақпараттық тізім	Бастауыш сыныптар	Түсуіне орай	Кітапханашы

Y1 Біліктілікті көтеру

к/с	Іс- шара тақырыбы	Мерзімі	Жаупты
1	Семинар, педагогикалық окуға қатысу	Жоспарға сай	Кітапханашы
2	Білім жетілдіру курстарынан өту	Кестеге сай	Кітапханашы
3	Озық кітапханалық тәжірибелерді өз қызметіне енгізу	Үнемі	Кітапханашы
4	Өз білімін көтеру	Үнемі	Кітапханашы
5	Кәсіби басылымдардағы мақалалармен және әдебиеттермен танысып отыру	Үнемі	Кітапханашы
6	Қалалық кәсіби байқауларға қатысу	Жоспарға сай	Кітапханашы
7	Баспасөзге мақалалар жариялау	Кезінде	Кітапханашы
8	Кәсіби басылымдарға жазылу	Жылына 2 рет	Кітапханашы

YI1 Оқулықтар қорымен жұмыс

к/с	Іс- шара тақырыбы	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жаупты
1	Оқулықтарға сұраныс жасау, оны рәсімдеу	Сұраныс	Сәуір	Кітапханашы
2	Мектеп әкімшілігімен сұраныстың келісілуі және бекітілуі, оны ҚББ- не тапсыру	Сұранысты тапсыру	Сәуір	Кітапханашы
3	Берілген сұраныстың орындалуына бақылау жасау	Бақылау	Кезінде	Кітапханашы
4	Түсken оқулықтарды қабылдау және техникалық өндөу	Өндөу	Түсүіне орай	Кітапханашы
5	Есеп құжаттарын рәсімдеу	Е сеп құжаттары	Түсүіне орай	Кітапханашы
6	Оқулықтарды тарату	тарату	Тамыз-қыркүйек	Кітапханашы
7	Оқулықтарды қайта қабылдау	қабылдау	Мамыр- маусым	Кітапханашы
8	Ескірген және тозған оқулықтарды есептеп шығару	Акт	мамыр	Кітапханашы
9	Оқулықтар қорын сақтау жұмыстары - рейдтер жасау - оқулықтар айнасы	тексерулер	Үнемі	Кітапханашы
10	Оқулықтардың резерв қорымен жұмыс: -есебін жүргізу -басқа мектептермен кітап алмасу	Кәсіби жұмыс	Үнемі	Кітапханашы
11	Баспалардың прайс-параптерымен жұмыс	Оқулық тізбектемелері	Сәуір	Кітапханашы
12	Оқулықтар қорының пайдалануын зерттеу және талдау	талдау	I-IIY тоқсан	Кітапханашы
13	Оқулықтармен қамтамасыз етілу деңгейінің диагностикасы	Диагностика	I-IIY тоқсан	Кітапханашы
14	Балама оқулықтардың пайдаланылуына талдау	Талдау	I-IIY тоқсан	Кітапханашы

Жаупты кітапханашылар:

Г.Куленова

Н.Айдарбекова

Абай атындағы № 31 жалпы орта мектеп кітапханасының 2022-2023 оқу жылында өткізілген іс- шаралар туралы мәлімет


2022-2023 оқу жылы Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың туылған күніне орай мектеп оқушылары каникулда болуына байланысты онлайн члендік үйымдастырылуымен басталды. 10 тамыз күні мектеп ауласындағы Абай ескерткішінің жаңында үстаздар мен оқушылар арасында жыр кеші өткізілді.





30 тамыз Конституция күніне орай мектеп кітапханасында кітап бұрышы орналасқан. Кітап бұрышында Қазақстан Республикасының Конституциясы, Білім туралы заң, Балалар құқығын қорғау туралы Конвенция, ҚР Президентінің жолдаулары қойылған




5 қыркүйек Ахмет Байтұрсыновтың туылған күніне орай қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерімен бірлесе отырып «Ахмет Байтұрсынов ұлттың ұлы ұстазы» атты конференция өткізілді.




Қазақ ақыны Сырбай Мәуленовтың туганына 100 жыл толуына орай «Жыр ғұмыр» тақырыбында жыр кеші өткізді. Кешіте оқушылар Сырбай Мәуленовтың өмірбаянымен, шығармашылығымен танысып, жырларын жатқа оқыды.




Қараша айында балалар жылына орай бастауыш сыйып оқушыларымен «Ертегілер еліне саяхат» тақырыбында ертегі айтуда бейгесі болып өтті. 4 сыйып оқушылары өздері таңдаған ертегілерден көрініс көрсетіп, көшіліктің қолдауына ие болды.





Қазақ жазушысы Шерхан Мұртазаның туганына 90 жыл толуына орай қазақ тілі пән бірлестігімен бірге «Сөз зергері- Шерхан Мұртаза» тақырыбында кітапханалық сабак өткізілді. Мақсаты: Шерхан Мұртазаның өмірі мен шығармашылығы туралы мағлumat беру, «Ай мен Айша», «Қызыл Жебе» шығармаларымен таныстыру.



«Махаббаттың жаршысы» Эзілхан Нұршайыковтың туганына 100 толуына орай
«Махаббат қызық мол жылдар кітабын 10 сыйның окушылары арасында насиҳаттау болып өтті.
Мақсаты: Окушылардың көркем сез оку шеберліктерін, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру.




Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күн орай мектеп фойесінде «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты кітап көрмесі үйімдастырылса мектептің «Коверкинг» орталығында үйірме окушыларымен тәуелсіздік мерекесіне «Тәуелсіздік- туғырым» атты іс-шара өткізілді.



М.Макатаевтың тұганына 90 жыл толуына орай мектебімізде оқушылар арасында «Мұқагали- ақын әкін» тақырыбында еске алу кеші өткізілді. Кешке 4-10 сынып оқушылар қатыстырылды. Озық шыққан талантты оқушыларымыз Мактау қағаздарымен марапатталды.



Олжетану саласы бойынша «Тұган өлкем тірегім» атты көрме үйымдастырылып, Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың шыгармаларын оқушыларға таныстырып, оқушылар Ясауи хикметтерін жатқа оқыды



Ұлыстың ұлы күні «Әз Наурыз» мерекесінде мектеп ұжымы үйымдастыруымен зейнеткер ұстаздарға құрмет көрсетіліп, бата- тілектерін алды. Зейнеткерлер мектеп кітапханасына «Білімдар» энциклопедиясын, М.Әусевовтың «Абай жолы» топтамасын және өртегілер, балаларға арналған танымдық энциклопедиялар сыйлық ретінде тарту етті.



2 сәуір балалар кітабы күніне орай «Кітап – сарқылmas рухани әлем» тақырыбында мектеп кітапханасына ұстаздар сыйлаған «Білімдар» энциклопедиясын, М.Әусевовтың «Абай жолы» топтамасын және өртегілер, балаларға арналған танымдық энциклопедияларын бастауыш сынып оқушыларына таныстырылды.



Мектеп түлегі, олимпиада чемпионы Бекзат Саттархановтың туылған күніне орай мектеп кітапханасында тұрақты кітап көрмесі үйымдастырылған, деректер жинақталған



23 сәуір Дүниежүзілік кітап күніне орай бастауыш сынып оқушылары арасында «Кітап әлемді бағындырады» атты сайыс болып өтті. Оқушылар үш топқа бөлініп, мақал-мәтедер айтып, ертегілер айттып, бақтарын сыйнасты.



«Окуға құштар мектеп» жобасы аясында атқарылған іс- шаралар туралы мәліметтер



Қазақ тілі мен әдебиетін мұғалімдермен бірлесе отырып «Окуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп фойесінде «Оқулықтар паркі» ашық кітап көрмесі үйымдастырылды. Ашық көрменің ашылуына байланысты оқушыларға сұрақ- жауаптар қойылыш, мәнерлел жыр оқып, ойындар үйымдастырылды.



М.Әуезовтың туындынына 125 жылдығына орай «Дәуірдің дара тұлғасы» тақырыбында әдеби кеш өткізілді. Кеш алдымен М.Әуезов туралы презентация көрсетумен басталды. М.Әуезов шығармаларынан көрініс қойылды.



Орыс тілі мен әдебиеті пән бірлесітігінің үйымдастыруымен орыс классик жазушыларының шығармаларынан «Книга покоряет мир» тақырыбында кітап көрмесі үйымдастырылды.




25 қазан Республика күні қарсанды мектебімізде ата-анаарға арналған «Ашық есік» күніне орай мектеп фойесіне «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханашылары «Көркем шыгармалар саябагы» атты ашық кітап көрмесі қойылды. Көрмеге қазақтың ұлы жазушыларының шыгармалары қойылып, 6 сынып окушысы Шералы Айару таныстырыды.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 6 сыныптар арасында «Мен оқыған бір кітап» тақырыбында кітап бәйгесі өткізілді. Окушылар өздері оқыған көркем әдебиеттерін танымдық сагат барысында дәріштеді. Үздік оқырмандар Алғыс хаттармен марапатталды



Ақпан айының 1-28 аралығында «Оқуға қүштар мектеп» жобасы аясында «Кітап оқы да сыйлық ал» кітап оқу акциясы ұйымдастырылды. Мектеп фойелеріне қобдиша қойылып, оқушылар ездерінің оқыған кітаптарының тізімін, авторын жазып сол қобдишига салды. Ең көп кітап оқып, ең жоғары иттихадде көрсетілген оқушылардың мактау қағаздары мен бағалы сыйлықтар берілді.



«Оқуға қүштар мектеп» жобасы аясында Мағжан Жұмабаев атындағы № 15 мектеп – гимназиясында 5-10 сынып оқушылары арасында «Мағжан жыры мәңгілік» атты қалалық мәнерлелп оқу сыйысы ұйымдастырылды. сыйысқа мектебіміздің 7 сынып оқушысы Құдайберген Гүлсезім қатысып жүлделі III орынды иеленіп, қалалық білім белімінің мактау қағазымен марапатталды



«Оқуға қүштар мектеп» жобасы аясында кітапхана қорын көркем шығармалармен толықтыру барысында мектеп директоры Ахметов Нұрбол Жарылқасынұлы мектеп кітапханасына «Ұлы бабалар насиҳаты» кітабының 2 томын, Б.Анараевтың «Қазық жүрт» кітабын, I.

Байжановтың «Елдің экономикасы, яғни оның «Табыс көзі» дамысын десек» кітаптарын сыйга тартты.



«Окута құштар мектеп» жобасы аясында мектепте «Cowerking» орталығы ашылып, орталықта мектеп кітапханашыларының үйымдастыруымен 4-5 сынып оқушыларымен ақызы мәнерлел оку үйірмесі жұмыс жасайды. Мақсаты: Оқушыларды өлеңді мәнерлел окута баулу, ақын – жазушылардың шығармаларымен таныстыру

